

**Антуан Биденің және Париж қаласының Апелляциялық Сотының сенім білдірілген сот өкілі Мэтр Шанталь Боден-Казалистің адвокаттық қызметіне ақы төлеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 21 қазан N 1073

Мемлекет мүддесін қорғау және Париж қаласының Апелляциялық Сотына Париж Сауда Сотының МТР Металз, Табани және Металз Руссия компанияларының талап қоюлары бойынша қабылдаған шешіміне дер кезінде апелляциялық шағым беру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен адвокат Антуан Биденің арасында қол қойылған 1997 жылғы 6 қазандағы шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметі резерв қорының 1998 жылға арналған қаражатының есебінен:

адвокат Антуан Биденің шығыстары мен қаламақысына 12 473, 66 (он екі мың төрт жүз жетпіс үш АҚШ доллары алпыс алты центке) АҚШ долларына баламды сомада ақы, сондай-ақ алдағы уақыттағы шығыстары мен қаламақысына 120 000 (бір жүз жиырма мың) француз франкіне баламды сомада аванс төлесін;

Париж қаласының Апелляциялық Сотының сенім білдірілген сот өкілі Мэтр Шанталь Боден-Казалистің алдағы уақыттағы шығыстары мен қаламақыларының есебіне 80 000 (сексен мың) француз франкіне баламды сомада аванс төлесін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі осы қаулының 1-

тармағының негізінде бөлінетін қаражаттың жұмсалуды жөнінде белгіленген тәртіппен есеп берілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі